20123676887

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 04 тамыз № 4360-23-00-2/1573 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда қалалық мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Төлеген» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрғали Нұрлыбекұлы Төлеген

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда қалалық мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Төлеген» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрғали Нұрлыбекұлы Төлегенге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.Жауапкер «Төлеген» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрғали Нұрлыбекұлы Төлегенге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Төлеген» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрғали Нұрлыбекұлы Төлегенге мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 10.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2023, судья Әбілқайысқызы А., 25.08.2023

4360-23-3-1/1680